

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі

«Қазгидромет» РМК



2026 ж. «25» тамыз күніне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел
қауіптілігінің күнделікті бюллетені №78**

(бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2026 жылғы 24 тамыз сағат 20:00-ден 25 тамыз сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 24.08.2026 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай д., 32
Астана қ., Мәңгілік ел д., 11/1

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Тілеуқұл Н.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 3880 м биіктікте болды. Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,4 °C өсті, биік таулы аймағында 1,2 °C төмендеді. Өзендердің басым бөлігінде су деңгейі қауіпті деңгейдің орта есеппен 79 % құрайды. Жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай, бұршақ. Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. (Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериалды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады). Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.
	Күнгей Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Орташа тәуліктік ауа температурасы 4,2 °C төмендеді. Шелек өзеніндегі су деңгейі қауіпті деңгейдің 95 % құрайды. Жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай, бұршақ. Күнгей Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Теріскей Алатау	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Орташа тәуліктік ауа температурасы 4,7 °C төмендеді. Өзендердегі су деңгейі қауіпті деңгейдің орта есеппен 55 % құрайды. Жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай, бұршақ. Теріскей Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Жетісу Алатауының солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 0,6 °C өсті; батыс бөлігінде – 1,3 °C. Солтүстік және батыс беткейлердегі өзендерде су деңгейі орта есеппен қауіпті деңгейдің 72 %, ал оңтүстік беткейлердегі өзендерде 45 % құрайды. Жаңбыр (1-10 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-17 мм), найзағай, күндіз бұршақ. Жетісу Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,7 °C өсті. Қырғыз Алатауындағы өзендерде су деңгейі орта есеппен қауіпті деңгейдің 48 %, ал Талас Алатауындағы өзендерде 47 % құрайды. Жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,9 °C төмендеді. Талас Алатауындағы өзендерде су деңгейі орта есеппен қауіпті деңгейдің 68 %, ал Өгем жотасындағы өзендерде 36 % құрайды. Жауын шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	

Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,8 °C өсті. Жауын шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,0 °C өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай төмендеуі байқалған жоқ*. Жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-29 мм), күндіз бұршақ, дауыл. Тарбағатайда қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Қар климаттық қар сызығынан жоғары аумақтарда жекелеген дақтар түрінде сақталған. Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,3 °C өсті. Жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), күндіз бұршақ, дауыл. Сауыр тауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Қазақстандық Алтай	Қазақстандық Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 2,8 °C өсті; оңтүстік-шығыс бөлігінде – 2,2 °C. Өзендердегі су деңгейі орта есеппен қауіпті деңгейдің 32 % құрайды. Қазақстандық Алтай тауларында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.

* су деңгейінің тәуліктік өзгерісі таңғы сағат 08:00-дегі жағдай бойынша келтірілген

Бюллетеньді құрастыру кезінде «Қазгидромет» РМК бөлімшелерінің деректері мен ақпараттары, Жер туралы ғылымдар орталығы (GFZ) Потсдам, Германия ұсынған MODSNOW құралы пайдаланылады

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) немесе нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2026 жылғы «25» тамызға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай, бұршақ. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей уақыттарда екпіні 18-23 м/с. 2000 м: ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 14-19 градус жылы. 3000 м: ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 7-12 градус жылы.
Күнгей Алатау	Жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай, бұршақ. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей уақыттарда екпіні 18-23 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы.
Теріскей Алатау	Жаңбыр (1-14 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай, бұршақ. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей уақыттарда екпіні 18-23 м/с. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 15-20 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жаңбыр (1-10 мм), кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-17 мм), найзағай, күндіз бұршақ. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 13-18 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 8-13 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Солтүстіктен жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Жаңбыр (1-14 мм), найзағай. Солтүстіктен жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	жауын шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.
Өгем жотасы	жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13, күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 24-29 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан, батыстан жел соғады, күші 7-12 м/с. Ауа температурасы түнде 19-24 градус жылы, күндіз 37-42 градус қатты ыстық.
Сауыр	Жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), күндіз бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан, батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, кей жерлерде 5, күндіз 20-25, кей жерлерде 15 градус жылы.
Тарбағатай	Жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-29 мм), күндіз бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, екпіні 15-20, күндіз кей уақыттарда 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей жерлерде қатты жаңбыр (15-29 мм), кей уақыттарда өте қатты жаңбыр (30 мм және одан аса), күндіз бұршақ, дауыл. Түнде және таңертең кей жерлерде тұман. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, екпіні 15-20, күндіз кей уақыттарда 23 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, кей жерлерде 7, күндіз 16-21, кей жерлерде 24 градус жылы. 26 тамызда жаңбыр (1-14 мм), найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-25 мм), күндіз бұршақ, дауыл.

* Ескерту: жауын-шашын мөлшерінің болжамы WRF, ECMWF, ICON сандық ауа райы болжамдарының есептеулері бойынша беріледі